

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 150аш қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:  
көрсетілген қаулыға 322-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақпараттық жүйелерді біріктіру, ақпаратты қорғау және корпоративтік телекоммуникациялық желілер бойынша консалтингтік қызметтер көрсетуді алу. Серверлік жабдық сатып алу - 2 жиынтық. Дискілі массив сатып алу - 1 жиынтық. Жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу - 6 жиынтық."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*